

«МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – сәйкесінше Саясат және Қоғам) Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген. Саясат Қоғамда сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды үйімдастырудың негізгі қағидаттарын, тәсілдері мен талаптарын регламенттейтін Қоғамның негізгі ішкі құжаты болып табылады, сыйайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы күрестің басқарушылық және үйімдастырушылық негіздерін айқындайды.

2. Осы Саясат:

- 1) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;
- 2) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;
- 3) Қазақстан Республикасының Сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және оны орындау жөніндегі міндеттемелерді;
- 4) сыйайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;
- 5) осы Саясатты сақтау үшін жауапкершілікті белгілейді.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға септесетін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу, Қоғамда Саясат субъектілерінің төзбеушілігін, Қоғамның және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанатындығын сипаттайтын сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, іскерлік беделді нығайту және Қоғамға деген сенімді арттыру болып табылады

2. Қолдану аясы

4. Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері осы Саясатпен танысуға, оны орындау мен мүлтікісіз сақтауға міндетті.
5. Осы Саясат Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

3. Терминдер және анықтамалар

6. Осы Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге нормативтік-құқықтық актілер;

2) **лауазымды адам** – Қоғамның Директорлар кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам;

3) **Қоғамның Іскерлік этика кодексі** - Қоғамның корпоративтік мәдениетін дамытуға және беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, мінез-құлыштың негізгі қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін Қоғамның ішкі құжаты;

4) **мұдделер қақтығысы** - лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындаудың әкелуі мүмкін;

5) **сыйбайлас жемқорлық** – Қоғамның лауазымды адамдарының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;

6) **сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін занда әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши жазықты іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

7) **сыйбайлас жемқорлық тәуекелі** — сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

8) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Қоғамның өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

9) **сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу** – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі Қоғам қызметі;

10) **қызметкерлер** - Қоғаммен еңбек қатынастары бар жеке тұлғалар.

7. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер

8. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

9. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін осы Саясат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде, кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;

2) Қоғамға, лауазымды тұлғаларға, қызметкерлерге қатысты қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорытындылау және түсіндіру;

3) Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің міндеттерін белгілеу, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың негізгі қағидаттарын және талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша адекватты рәсімдерді жүзеге асыру;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және онымен қарсы күреске, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды барынша азайтуға және (немесе) оның салдарын жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

10. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** - Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мулдем төзбеушілік қағидаты Қоғамның лауазымды адамдары мен қоғам атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін қызметкерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **жоғары басшылықтың** **сыбайлас жемқорлық** **көріністеріне** **ымырасыз көзқарасты ұстануы** — Қоғамның Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруды және Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Бас директор сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына ымырасыз көзқарасы туралы мәлімдеуге және барлық деңгейлерде осы қағидатты қөрсетуге, сақтауға және өзі үлгі көрсетіп іске асыруға тиіс;

3) **жұмыскерлердің тартылуы** — Қоғам өз лауазымды адамдары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас

жемқорлықта қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

4) **жазаның бұлтартастығы** — Қоғам өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, Қоғам қызметкерлеріне олар сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, оларды жазалаудың бұлтартастығы туралы мәлімдейді;

5) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - Қоғам іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтижеге қол жеткізуі қамтамасыз ететін рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатындағы етіп жасауға үмтүлады;

6) **тиісті байқағыштық** — Қоғам іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыйбайлас жемқорлықты қабылдамау және мұдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

7) **өзара іс-қимыл және үйлестіру** - Қоғам мемлекеттік органдармен және Қоғамның үшінші тұлғаларымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл барысында іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер

11. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыйбайлас жемқорлық қылмыстарға/құқық бұзушылықтарға мыналар жатады (бірақ аталғандармен шектелмейді):

1) лауазымды адамның сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алуды немесе ысырап етуі, егер осы әрекеттер оның қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

2) лауазымды адамның қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жария етуі (жылыстатуы), егер осы іс-әрекет оның қызмет бабын пайдалануымен байланысты болса;

3) лауазымды адам жасаған экономикалық контрабанда, егер осы іс-әрекет оның қызмет бабын пайдалануымен байланысты болса;

4) лауазымдың өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдың өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) пара алу, пара беру, парапорлыққа делдал болу;

7) қызметтік жалғандық;

8) қызмет бойынша әрекетсіздік;

9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік;

10) немісрайлылық;

11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

12) лауазымды адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;

13) бұрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

12. Қоғам, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндettі. Осы Саясатты іске асыру кезінде Қоғам оның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өздері немесе үшінші тұлғалар арқылы сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатындығына сүйенеді, атап айтқанда:

1) пара беруді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндettterін тиісті түрде орындаамауга итермелеву ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беруге немесе беруге уәде беруге;

2) параны талап етуге, қабылдаумен келісуге немесе қабылдауға, яғни өзінің лауазымдық міндettterін тиісінше орындағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға үекілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ белгіленген рәсімдерді жеделдешу немесе оңайлату үшін оларға теңестірілген адамдарға сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдешу немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда алудың орнына Қоғамда жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға септесуге немесе қабылдауға;

7) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына қайши келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйлауға немесе алуға.

13. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің кәсіби қызметінде мынадай мінез-құлыш нормаларын қатаң сақтауға тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындау;

2) іскерлік қарым-қатынаста адал және әдепті болу, лауазымдық міндettterді жүргізуідің кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болу;

3) Қоғамның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) жеке мақсатта қызметтік жағдайын және Қоғамның қупия ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін пайдаланбау;

5) құқыққа қайши әрекеттерге не олардың занұлылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті қолдауды және оны әріптестерден талап ету;

7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тарту;

8) басқа қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және мұндай әрекеттерді мадақтамау;

9) мұдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау.

14. Қоғам қызметкерлерінің міндеттері:

1) Қоғам мұддесі үшін немесе оның атынан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болу;

2) Қоғам мұддесі үшін немесе оның атынан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп түсінілуі мүмкін мінезд құлықтан аулақ болу;

3) тікелей басшыға қызметкерде мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындағаны туралы хабарлау.

Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінезд құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қоғамның жоғары тұрган басшылығына жүгіне алады.

7. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені

15. Қоғам қызметінің кейбір салаларында сыйбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға мыналар жатады, бірақ аталғандармен шектелмейді:

- 1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;
- 2) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;
- 3) персоналды басқару.

8. Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

16. Қоғам Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Қоғам үшін іскерлік беделдің жоғалу қаупін туғызатын үшінші тұлғаларды тартудан тартынады.

17. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдаудың алдында үшінші тұлғаларды тартуға бастама жасаған Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығында белгіленген рәсімдерді сақтауға міндетті;

2) төмендегі рәсімдерді жүргізу арқылы (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үшінші тұлғалардың мониторингін жүзеге асыруға міндетті:

- өзінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыйбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

- іскерлік беделді және мұдделер қақтығысының болмауын тексеру;
- жалған кесіпкерлік, сенімділік затына, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің бар болуын, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған қаражат жөнелтілетін банкті, юрисдикцияны тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқалар) сұрау салулар жіберу арқылы тексеру;

3) жасалатын мәмілелерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндettі. Қоғам олардың тарапынан сыйбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда үшінші тұлғалармен мәмілелерді бұзы құқығын өзіне қалдырады;

4) үшінші тұлғаларды осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етуге міндettі.

18. Қоғам үшінші тұлғалардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ міnez-құлық стандарттарын қабылдауын құptайды.

9. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар

19. Қоғам іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлыштыққа арналған шығыстарды жүзеге асыруды бизнесі жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік тәжірибе деп таниды.

Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлыштық шығындарына қатысты адалдық пен айқындылық ахуалын қолдайды.

Қоғам жеке элементті жоққа шығарады, яғни жеке тұлғаға сыйлық және басқа заттарды бермеу.

20. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығыстарды жұмсау, оның ішінде үшінші тұлғалармен Қоғамның іскерлік қонақжайлыштығына жұмсау мынадай өлшемшарттарға сай келуге тиіс:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, өкілдік шығыстар мәселелері бойынша Қоғамның ішкі құжаттарына толық сәйкес келу;

2) дұрыс негізделген, мөлшерлес болуға, қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмауға және ақша қаражатының өзге де түрлері немесе баламалары, сондай-ақ сән-салтанат заты болып табылмау;

3) қызмет көрсеткені, әрекеті, әрекетсіздігі, салғырттығы, қамқорлығы, құқық бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру туралы белгілі бір шешім қабылдағаны және т. б. үшін жасырын сыйақы немесе өзге де заңсыз немесе әдепсіз мақсатпен алушыға ықпал ету әрекеті болып табылмау;

4) Қоғам, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін іскерлік беделдің жоғалуына әкелуі мүмкін қатер төндірмеу.

21. Қоғам жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысуышынан сыйлықтар мен қонақжайлыш белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына

сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлғаға немесе Қоғам қызметкеріне Қоғамның Комплаенс-офицерімен және Қоғамның тікелей жоғары тұрған басшысымен кеңескен жөн.

10. Персоналды басқару

22. Қоғам кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Қоғам:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында ұміткерлердің сенімділігі мен мұдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыру затына тексеруді жүзеге асырады;

3) өз қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

23. Қоғамның лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін Қоғамның сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес, лауазымға кіріскең/ жұмысқа қабылдаған күннен бастап 5 жұмыс күннен аспайтын мерзімде Қоғамның кадр саясатын қалыптастыру мен қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдық бөлімше белгілейді.

24. Қоғамның лауазымды адамдары сыйайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамаған жағдайда, ақпарат тиісті шаралар қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі.

25. Қоғам қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы жұмысқа қабылдаудан бас тартуға немесе жұмыстан шығаруға әкеледі.

26. Қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауы өкілеттікті тоқтату/жұмыстан шығару үшін негіз болып табылады.

11. Мұдделер қақтығысын болдырмау және шешу

27. Мұдделер қақтығысын басқару сыйайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Қоғам мұдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

28. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қоғамның мұдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мұдделері Қоғамның мұдделеріне қайши келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті. Мұдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі болған) жағдайда, Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы ақпаратты Қоғамның тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

29. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде Директорлар кенесінің Төрағасы немесе Қоғамның Бас директоры корпоративтік жанжалдарды және Қоғам мұдделерінің дауларын реттеу қағидаларына сәйкес тиісті ден қою шараларын үақтылы қабылдауға міндетті.

30. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес үлестес тұлғаларды міндетті түрде есепке алушы жүзеге асырады.

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

31. Қоғам жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді, бағалауды жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес оларды барынша азайту бойынша шаралар әзірлейді.

32. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендірудің және бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында, әрі Қоғамның пайда алуы мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының ықтималдығы жоғары болатын Қоғамның қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

33. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйіне, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өндеу, жалпылау, талдау және бағалау жөніндегі Қоғам қызметі.

35. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нысанасы Қоғам қызметі болып табылады. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өз бастамасымен жүргізеді, оның нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша зерделеу;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, сондай-ақ жеке және занды тұлғалардың өтініштерін зерделеу;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін қарau негізінде жүргізіледі.

37. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жинақтау үшін жіберілуі мүмкін.

38. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу кезінде Қоғам сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын басшылыққа алады.

14. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

39. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі - Талдау) деп сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

40. Талдау жүргізу туралы шешімді Қоғам Бас директоры, оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері негізінде қабылдайды.

41. Талдау обьектісі Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметі болып табылады және мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) құрылымдық бөлімшенің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

42. Құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға септесетін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталады.

43. Құрылымдық бөлімшенің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде келесі мәселелер көтеріледі:

- персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету;
- құрылымдық бөлімшенің функцияларын іске асыру;
- бөлімшенің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінен туындастырылуы.

44. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Қоғамның Бас директоры бекіткен Қоғамның Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

45. Кез келген сыйбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданғы және әрбір жағдайда Қоғам ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шаралар әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі осы Саясатпен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

46. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Қоғамның Бас директоры бекіткен Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Қоғам қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.

47. Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қоғамда жұмыс істейтін адамдардың оларды мұлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-эрекеттері мен шешімдерін айқындаиды.

48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

49. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) Қоғамда жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру.

50. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау мен нығайту жөніндегі Қоғам қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Қоғамның әрбір қызметкерінің борышы болып табылады және Қоғамда түсіндіру жұмыстарын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру — тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытуудың үздіксіз процесі.

16. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар

52. Егер Қоғамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, ол туралы «жедел желіге» +7 7172 57 46 75 хабарлау және (немесе) «antikor@iacng.kz» электрондық поштасына және (немесе) ақпарат/сілтемелер Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған әлеуметтік желілердегі (Instagram) Қоғамның ресми парашаларына жазу, сондай-ақ Қоғамның Комплаенс-офицеріне, өзінің тікелей және жоғары тұрған басшысына дереу хабарлау қажет.

17. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеулер

53. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша Қоғамда Комплаенс-офицердің және Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қисынды мерзім ішінде тексеру не қызметтік тергеу жүргізіледі.

54. Егер қызметтік тергеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік тезбеушілік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларының қабылдануы тергеудің аяқталуы болып есептеледі.

18. Өзара ынтымақтастық

55. Қоғам өзара түсіністік қағидаты негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен мына мақсаттарда бірге қызмет істеп келеді:

- 1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылық жағдайлары туралы акпарат беру;
- 2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу жүргізу кезінде септесу;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша Қоғам қызметіне тексерулер жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен ішшараларды әзірлеу;
- 4) уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелерімен байланысты сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

19. Жауапкершілік

56. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

57. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті шаралар қолданылған Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері, Қазақстан Республикасы сотының занды күшіне енген шешімі бойынша болмаса, жауапкершіліктен және Қоғамның материалдық залалын өтеуден босатылмайды.

58. Осы Саясат талаптарының орындалуына Қоғамның лауазымды адамдары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жауапты болады.

59. Саясатты бұлжытпай сақтау мақсатында Қоғамның жаңадан тағайындалған лауазымды адамдары мен қызметкерлері жыл сайын мүдделер

қақтығысы туралы декларацияны (№1 және №2 қосымша) міндетті түрде толтырады және оған қояды.



«Мұнай және газ ақпараттық талдау
орталығы» АҚ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл саясатына №1 қосымша

**«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының
мүдделер қақтығысы туралы декларация**

(декларанттың тегі, аты, әкесінің аты) (ұйым, кәсіпорын)

« ____ » 20 ____ ж.

Осы құжат құпия сипатқа ие және тек қана «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамында пайдаланылатын болады. Декларацияда ұсынылған ақпарат сыртқы тарафқа ашылмайды.

Декларант төмендегі сұрақтармен мұқият танысып, олардың әрқайсысына «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беруі қажет. Бұл ретте «иә» жауабы мүдделер қақтығысының болуын міндетті түрде растамайтынын, бірақ жеке талқылау мен реттеуді талап ететін аспектілерді көрсететінін ескерген жөн.

Декларацияның қолданылу мерзімі 1 жылды құрайды.

ӨТІНІШ

Осы Декларацияны толтырудың алдында мен:

- «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының Іскерлік этика кодексімен;
- «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатымен танысып шықтыйм.

/ _____
(декларанттың қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

« ____ » 20 ____ ж.

Декларант өр нарақты өз қолымен толтырады және оған қол қояды

№	Сұрақтар	Иә	Жоқ
1	Cізге не Сіздің жақын туыстарыңызға тиесілі занды тұлғаларды атап өтуді, Сіз немесе Сіздің жақын туыстарыңыз жеке кәсіпкер ретінде қызметті жүзеге асыратындығын не асырмайтындығын көрсетуді сұраймыз:		
2	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамында жұмыс істейтін жақын туыстарыңызды (лауазымы, бөлімшесі) атап өтуді сұраймыз:		
3	Жұмыс істейтін қызметкерлер үшін: бұл туыстар Сізге бағынышты ма, әлде Сіздің басшыларыңыз болып табылатындығын, сондай-ақ Сіз және Сіздің туыстарыңыз бір өндірістік процеске қатысатындығын не қатыспайтындығын көрсетіңіз:		

Сыртқы мүдделер немесе активтер

2.	Cіз немесе Сіздің мүдделеріңізді білдіретін адамдар тікелей меншік иесі, бенефициар немесе акционер болып табылады не басқа қаржылық мүдделеріңіз бар:		
2.1.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының іскери серіктесі болып табылатын үйымда (контрагентте, мердігерде, жеткізуше және т.б.).		
2.2.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының іскери серіктесі болуды жоспарлайтын не ол үшін іс-әрекет жасайтын немесе онымен келіссөздер жүргізетін үйымда.		
2.3.	Мақсаттары, мүдделері мен қызметінің саласы «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының мақсаттарымен, мүдделері мен қызметінің саласымен бірдей басқа тұлғалардың (занды немесе жеке) қызметінде.		
2.4.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамымен сотта немесе басқа қаралатын істе тарап болып табылатын үйымда.		
3.	Сіз және/немесе Сіздің жақын туыстарыңыз немесе Сіздің мүдделеріңізді білдіретін тұлғалар, басқару органдарының мүшелері (Директорлар кеңесі, Басқарма) немесе атқарушы басшылар (директорлар, директорлардың орынбасарлары және т. б.), сондай-ақ қызметкерлер, кеңесшілер, өкілдер немесе басқа да үлестес тұлғалар болып табыласыз ба:		
3.1.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының іскери серіктесі болып табылатын үйымда - (контрагентте, мердігерде, жеткізуше және т.б.).		
3.2.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының іскери серіктесі болуды жоспарлайтын не ол үшін іс-әрекет жасайтын немесе онымен келіссөздер жүргізетін, оның ішінде ---- үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсіміне/жеткізуге арналған сауда-саттыққа қатысатын үйымда.		

№	Сұрақтар	Иә	Жоқ
3.3.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы бәсекелестерінің (кез келген занды немесе жеке тұлғалардың) қызметінде.		
Жеке мұдделер және бизнесті адаптациялар			
4.	Сіз «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы атынан (шешім қабылдайтын, шарт талаптарын орындау үшін жауапты болатын, жұмысты, не қызметті қабылдайтын, орындалған жұмыстар актісіне қол/бұрыштама қоятын тұлға ретінде) Сіз және / немесе Сіздің отбасының мүшелері (немесе оларға теңестірілген адамдар, мысалы, ата-аналар, жұбайлар, балалар, аға-інілер, апа-сіңлілер, сондай-ақ балалардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары, ерлі-зайыптылардың және ерлі-зайыптылардың балалары) және басқа да адамдар жеке мұддеге ие болған қандай да бір коммерциялық мәмілеге қатыстыңыз ба?		
5.	Сіз және/немесе Сіздің отбасының мүшелері (немесе ата-аналар, ерлі-зайыптылар, балалар, аға-інілер, апа-сіңлілер, сондай-ақ аға-інілер, апа-сіңлілер, ата-аналар, ерлі-зайыптылардың балалары және ерлі-зайыптылардың балалары), сондай-ақ Сіздің мұдделеріңіздің білдіретін адамдар жеке мұддеге ие болған «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамының іскерлік серіктесіне септестіңіз бе?		
Қызметкерлердің тәң күкіншіліктері			
6.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамында Сіздің басшылығының жақын туыстарыңыз немесе ата-аналарыңыз, жұбайларыңыз, балаларыңыз, аға-інілеріңіз, апа-сіңлілеріңіз, сондай-ақ балалардың аға-інілеріңіз, апа-сіңлілеріңіз, ата-аналарыңыз, ерлі-зайыптылардың балалары және жұбайларыңыз сияқты тұлғалар жұмыс істейді ме?		
7.	«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамында Сіздің жұмысының тиімділігін бағалауға эсер ететін лауазымдарда ата-анаңыз, жұбайының (зайыбының), балаларыңыз, аға-інілеріңіз, апа-сіңлілеріңіз, сондай-ақ аға-інілеріңіз, апа-сіңлілеріңіз, ата-аналарыңыз, ерлі-зайыптылардың балалары және балалардың жұбайлары) сияқты Сіздің жақын туыстарыңыз немесе оларға теңестірілген тұлғалар жұмыс істейді ме?		
8.	Сіз «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамына жұмысқа қабылдауға, жоғары түрған лауазымға тағайындауға ықпал еттіңіз бе, Сіз жұмысты бағаладыңыз ба, жалакы мөлшерін анықтадыңыз ба немесе тәртіптік жауапкершілікке тартудан бас тартуға ықпал еттіңіз бе, немесе Сіздің жақын туыстарыңыз немесе ата-аналар, ерлі-зайыптылар, балалар, бауырлар, әпкелер, сондай-ақ бауырлар, әпкелер, ата-аналар, ерлі-зайыптылардың балалары және ерлі-зайыптылар сияқты оларға теңестірілген адамдар үшін өзге қамқорлық түрін көрсеттіңіз бе?		
Басқа сұрақтар			



9.	<p>Сіз жоғарыда сипатталмаған және мұдделер қақтығысына әкелетін немесе Сіздің әріптестеріңіз бен басшыларыңызда шешім қабылдау кезінде Сіз мұдделер қақтығысы жағдайында еken деген ойды тудыруы мүмкін басқа оқигалар немесе жағдайлар туралы білесіз бе?</p>		
----	---	--	--

Өтініш

1. Осымен мен жоғарыда аталған барлық сұрақтарды оқығанымды (оқығанымды) және түсінгенімді (түсінгенімді) растаймын, және менің оларға жауаптарым, сондай-ақ кез келген түсіндірме ақпарат толық, шынайы және шынайы болып табылады.
2. Осымен мен "мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамына осы декларацияда көрсетілген менің дербес деректерімді өндөуге келісім беремін.

/ _____ /
 (декларанттың қолы, тегі және аты-жөні)
 "___" ____ 20__ ж.



«Мұнай және газ ақпараттық талдау
орталығы» АҚ
Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл саясатына №2 қосымша

Растау
Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз

- Мен "Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамындағы сыбайлар жемқорлыққа қарсы саясатты зерттегенімді және түсінгенімді растаймын.
- Мен сыбайлар жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді қатаң сақтауға, сондай-ақ "Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамында сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды орындауға міндеттенемін.
- Мен Еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін орындау мерзімі ішінде жылына бір рет оқығанымды, түсінгенімді және "Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамындағы сыбайлар жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды орындауға міндеттенетінімді растауға келісемін(келісемін).
- Мен "Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамында сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда мені тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуы, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымынан босатуы мүмкін екендігі туралы хабардар еттім.
- Мен мұдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау және болғызбау жөнінде шаралар қабылдауға және туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы жұмыс берушіге мұдделер қақтығысын реттеу мақсатында өзіне белгілі болған бойда дереу хабарлауға міндеттенемін.

Өтінеміз, осында жазылышыз

Т.А.Ә. _____
Қолы _____
Күні _____